



Қазақстан оқушылары әлемдегі ең беделді олимпиадада алты медаль жеңіп алды

Қазақстан құрамасы әлемдік деңгейдегі зияткерлік сайыстарда жоғары нәтижелер көрсетуді жалғастыруда.

Қазақстандық оқушылар әлемдегі ең беделді математикалық олимпиадада алты медаль жеңіп алды. Оқу-ағарту министрлігі Аустралияда өткен мектеп оқушыларына арналған ең беделді пәндік олимпиадалардың бірі – Математикадан халықаралық олимпиадада (International Mathematical Olympiad, IMO-2025) отандық оқушылар алты медаль жеңіп алды.

Биыл олимпиадаға 112 елден 650-ге жуық үздік жас математик қатысты. Қазақстан құрамасы тағы да үздіктер қатарынан көрініп,

Сахипов, Алматы қаласындағы РФММ мектебінің 11-сынып оқушысы; III орын – Ерасыл Алтынбек, Алматы қаласындағы Nurorda мектебінің 10-сынып оқушысы; III орын – Ерқанат Кеншілік, Ақтөбе облысындағы “Білім-инновация” лицей-интернатының 11-сынып оқушысы.

Ұлттық құраманың ғылыми жетекшілері – PhD докторы Асылбек Исахов пен халықаралық олимпиадалардың жеңімпазы Канат Сатылханов.

Оқушыларымызды, олардың ұстаздары мен ата-аналарын лайықты жеңісімен және олимпиадалық мауысымның табысты жалғасуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Анықтама үшін: IMO олим-



төрт күміс және екі қола медаль иеленді.

II орын – Мирон Юркевич, Алматы қаласындағы Hailybury Almaty мектебінің 12-сынып оқушысы; II орын – Амирлан Аманжолов, Алматы қаласындағы Hailybury Almaty мектебінің 11-сынып оқушысы; II орын – Марғлан Шарел, Астана қаласындағы Spectrum International School мектебінің 11-сынып оқушысы; II орын – Амир

пиадасы 1959 жылдан бері өткізіліп келеді және ол әлемдегі ең беделді жеті пәндік олимпиаданың қатарына кіреді (International Science Olympiads). Қазақстан бұл жарысқа 1993 жылдан бері қатысып келеді. Осы уақыт ішінде ұлттық құрама 16 алтын, 55 күміс, 81 қола медаль және 29 құрмет грамотасын жеңіп алған.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президент жаңа Салық кодексіні бекітті

Мемлекет басшысы жаңа Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Салық кодексі салықтық әкімшілендіруді жаппай жеңілдетуді көздейді. Атап айтқанда, салық есептілігінің көлемі 30 пайызға қысқарады, салықтардың саны 20 пайызға азаяды, жеңілдіктер мен алымдар оңтайландырылады. Елеулі өзгерістер корпоративтік және жеке табыс салықтарынан бастап инвестицияларды ынталандыру және салық жүктемесін қайта бөлу секілді барлық негізгі бағытты қамтиды.

Қосылған құн салығының (ҚҚС) жаңа базалық мөлшерлемесі 16 пайыз болып бекітілді.

Дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді: 2026 жылдан – 5 пайыз, 2027 жылдан – 10 пайыз.

Бұл ретте Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері ҚҚС-тан босатылады.

Мерзімді баспа басылымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленеді. ҚҚС бойынша міндетті есепке қою үшін айналымның төменгі шегі 10 мың айлық есептік көрсеткішке (40 миллион теңге) дейін төмендетіледі. Бірыңғай зейнетақы жи-

нақтаушы қорынан (БЗЖҚ) төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан (ЖТС) босатылады. Пайдаланылу мерзімі 10 жылдан жоғары автомобильдер үшін көлік құралы салығы төмендетілді. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік салықтық шегерімдер 882-ден 5000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Салықтардың саны азайды: бірыңғай жер салығы қысқартылды, жеке төлемәқылар бойынша мөлшерлемелер мен алымдардың саны кемітілді.

Арнаулы салық режимдері оңтайландырылды. Енді олар үш жағдайда қолданылады: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа қожалықтары үшін.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлемдерді мобильдік қосымша арқылы есептеп, төлей алады.

Сонымен қатар корпоративтік табыс салығы (КТС) 20 пайыз деңгейінде сақталады. Алайда сараланған салықтық мөлшерлеме енгізіледі.

Атап айтқанда, банктер (бизнес субъектілерін кредиттеуді қоспағанда) мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылы 5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2027 жылы 10 пайызға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 пайыз жеңілдетілген мөлшерлеме қалады.

Қор нарығын ынталандыру үшін биржалық құнды қағаздарға төленетін дивиденттерге салық жеңілдіктері сол күйі сақталады. «Бәйтерек» холдингі шығарған құнды қағаздардан түсетін кіріс 2031 жылға дейін КТС-тен босатылады. Пайдалы қазбаларды өңдеу

мен геологиялық барлау саласы үшін қосымша преференциялар қарастырылған. Атап айтқанда, тиімділігі төмен жаңа учаскелер 5 жылға пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылады.

Жеке табыс салығының (ЖТС) прогрессивті мөлшерлемесі енгізіледі. Жылдық жалпы табысы 8500 айлық есептік көрсеткіштен асатын азаматтарға 15 пайыз салық мөлшерлемесі қолданылады. Сол сияқты дивиденттері мен табыс көлемі жылына 230 мың АЕК-тен асатын кәсіпкерлер осындай мөлшерде салық төлейді. Ал фермерлердің осы межеден асатын табысына бұрыннан сақталған 70 пайыз жеңілдікті есепке ала отырып, 4,5 пайыз салық салынады.

Жеке тұлғалар үшін қымбат өнімдерге, атап айтқанда құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктерге, құны 100 миллион теңгеден асатын кемелерге, әр литрінің құны 500 мың теңгеден асатын алкогольге, әр данасының құны 10 мың теңгеден асатын темекі өнімдеріне 10 пайыз акциз түрінде салық салынады. Сонымен қатар жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлік нысандарына мүлік салығы жоғарылайды.

Салықтық әкімшілендіру тәсілдері айтарлықтай өзгереді. Камералдық бақылау ескерту сипатында болады. Салықтық берешекті өндіріп алу, төлемді кейінге қалдыру және бөліп төлеу мүмкіндігін беру процедура-лары жеңілдетіледі. Салық берешегі аз болса, бизнестің есепшоттары бұғатталмайды. Қарыз сомасына қарай ескерту және басқа да шаралар кезең-кезеңімен қолданылады.

Баспасөз-
2025

Аудандық басылымға
жазылуда!

«Созақ үні» газетінің кезекті алты айына аудандық ветеринариялық бөлім қызметкерлері түгелдей (20 қызметкер) жазылды.

Ержан БАРБАНОВ,
Созақ аудандық ветеринариялық
қызмет бөлімінің бастығы.

ІШКІ ЖОЛДАРДЫҢ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қарақұр ауылдық округіне арнайы барып, ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу жұмыс барысын тексерді.

Қазіргі таңда Қарақұр ауылында жалпы ұзындығы

қырым, ал Раң елді мекенінің орталық көшесіне – 1,500 шақырым асфальт жабындысы төселген.

Аудан басшысы ауыл көшелерін аралау барысында жүзеге асып жатқан өзге



5,5 шақырымдық құрайтын Наурыз, Наурыз-1 және Абай көшелеріне асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұған дейін округке қарасты Шаға елді мекенінің орталық көшесіне—2,150 ша-

де жобаларға назар аударып, жұмысты сапалы әрі мерзімінде орындау керектігін ескертті. Сонымен қатар, жауапты мамандарға салғырттыққа жол берілмеуін қатаң тапсырды.

САЯБАҚТАРДАҒЫ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫН БАҚЫЛАУЫНА АЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығындағы бірқатар саябақтарды аралап, атқарылып жатқан абаттандыру және жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты.

Аудан басшысы алдымен «Орталық саябақ» болып, тұрғындар мен қонақтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында берілген тапсырмалардың орындалу барысын бақылауына алды. Қазіргі

тәртіп пен тазалықты сақтау мақсатында саябақ аумағына бейнебақылау камераларын орнату және полиция пунктін салу мәселелері де қарастырылды.

Сапар барысында «Тәуелсіздік» саябағында да болды. Мұнда қазіргі уақытта су бұрқақтарды жаңарту және жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

— Халық демалатын орындар таза, қауіпсіз әрі ыңғай-



таңда саябақ аумағында балаларға арналған ойын алаңдары, шынығуға арналған спорттық құрылғылар, фастфуд өнімдерін дайындауға арналған шағын butikтер, сондай-ақ гигиеналық талаптарға сай дәретханалар орнатылған. Саябақтың көркін арттырып, жайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Қоғамдық

лы болуы тиіс. Жобалардың әрбір бөлігіне мұқият қарап, жұмыс сапасын басты назарда ұстау қажет, — деген аудан басшысы жауапты мамандарға жұмыстардың сапасына ерекше мән беруді және белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Брифинг



ларынан да сұқбат алып жатты.

Баспасөз туры аясында журналистер бірнеше топқа бөлінді дедік ғой, солардың бір сыпыра тобы Созақ, Құмкент және Жартытөбе ауылдарына сапарлады. Мұнда олар жаңа спорт алаңдары, әкімшілік ғимараттар, ауыз су жүйелері, сондай-ақ облыстық маңызы бар жолдардың жұмысын көрді. Соның үлкені КХ-110 «Мардан-Қызмолдақ-Сызған» бағытындағы 13,3 шақырымдық жолға орташа жөндеу жұмыстарын көре келді. Кешқұрым барлық

КӨЗДЕРІМЕН КӨРІП, КӨҢІЛДЕРІНЕ ТОҚЫП ҚАЙТТЫ

Созақ ауданында облыс, республика аумағына ақпараты таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған аудан әкімінің баспасөз туры ұйымдастырылады. Бұл үрдіс бұрынғы өткізілген жобалардан өзгеше, тың жоба болды. Көбіне жыл сайын баспасөзге есеп беру дәстүрі қала, аудан басшылары облыс орталығына барып жур-

белдеу» аумағынан басталды. Одан кейін журналистер аудан орталығында бой көтеріп жатқан заманауи спорттық-сауықтыру кешенінің құрылыс алаңына барды. Бұл кешен халықаралық талаптарға сай жабдықталып, болашақта ел ішіндегі және халықаралық жарыстарды қабылдай алатын орталыққа айналмақ.

Журналистер легі «Дос-

бұқаралық ақпарат өкілдері жиналып болған соң, аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков осы жылдың бес айында атқарылған жұмыстар бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз жиынында аудан басшысы инфрақұрылым, құрылыс, ауыз су, спорт,



налистер мен БАҚ өкілдері алдында есеп жасайтын. Биылғы жоба бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері барлық атқарылған жұмыстарды көздерімен көріп, қолдарымен ұстап қайтты десе де болады. Түс әлетінде облысымыздың Шымкент, Түркістан қалаларынан, яғни жан-жақтан БАҚ өкілдері аудан орталығы Шолаққорған ауылында тоқайласты. Одан әрі БАҚ өкілдері топ-топқа бөлініп (Әйтпесе бір күн, жарым күнде бүкіл атқарылған жұмыстарды көріп шығу мүмкін емес) ауылдар мен елді мекеннен бастап ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты. Іс-шара барысында халық игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстарды көзбен көріп, сөзден гөрі іске демекші нақты ақпараттарға қанықты.

Баспасөз турының алғашқы бағыты-аудан орталығының әрбір азаматы көктем басталғаннан терін де, еңбегін де төккен Шолаққорған ауылындағы «Жасыл

тар» стадионында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары, коммуналдық саладағы жаңа техникалар, абаттандыру жобалары және «Жанболат» шаруа қожалығындағы жаңбырлатып суару жүйесімен жақын танысып өтті. Биылдың өзінде 197 гектар жерге су үнемдеу технологиясы енгізіліп, оның негізгі бөлігі жаңбырлатып суаруға негізделген.

БАҚ өкілдері сондай-ақ аудан орталығынан бой түзеп жатқан жаңа кітапхана ғимаратының құрылысын, көп қабатты және жеке тұрғын үйлердің, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылыс жұмыстарымен танысып, бірлі-жарымы құрылысшы жігіттермен де сөйлесіп үлгерді. Жаңа үлгідегі Жеткіншек мөлтек ауданындағы 92 пәтерлі үйлер-тұрғын үймен қамту ісіндегі үлкен ілгерілеуді көрсетеді. Құрылыс басында осы құрылыс жұмыстарының дұрыс, әрі уақтылы, сапалы жүргізілуін қадағалап отырған тиісті бөлім басшы-

денсаулық сақтау және өзге де маңызды салалардағы жұмыстарды кеңінен баяндап, әр бағытқа жеке-жеке тоқталды. Нақты жобалар, көрсеткіштер мен алдағы жоспарлар бойынша жан-жақты ақпараттар ұсынылды. Журналистер тарапынан көптеген сұрақтар қойылды. Ол сұрақтарға аудан басшысы нақты жауабын берді. Кең форматта, ауданымыздың дамуы мен өркендеуі бағытындағы түрлі сауалдар қойылды. Сонымен бірге өмірдің ағысына ауданның алға қарай даму барысы, болашағы, нендей жоспарлар барын дәйектеп берді. Бұйырса алда тағы да биік асулар мен межелі мақсаттар тұр. Оларды де елдің ауызбіршілігі мен ынтымағы, жастардың белсенді де қайратты күш жігері арқасында бағындарымыз анық. Ең бастысы берекелі істің бастауы-бірлігіміз босаңсымасын!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС



Созақ аудандық «Полиция бөлімінің» «Е есебінде» тұрған тұлғалармен профилактикалық іс-шаралар өткізді.

Іс-шара Созақ аудандық полиция бөлімі Жергілікті

полиция қызметі бөлімшесінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының қатардағы полицейі Алиев Беркінмен бірлесіп «Отбасы қолдау орталығының» заң бөлімінің

қызметкері Т.Жақсылықов, сондай-ақ психолог мамандар Қ.Ыдырысова мен Ж.Серікова қатысуымен өтті.

Полиция инспекторы мен «Отбасы қолдау орталығының» қызметкерлері есептегі тұлғаларға құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, олардың әлеуметтік санатына байланысты мемлекеттік қолдау түрлері туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар, психолог мамандар тарапынан кеңес беру, психологиялық әңгімелесу және психотерапиялық көмек көрсету жұмыстары атқарылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ұлы Жеңіске 80 жыл!

Әлеуметтік желіде Калининград облысынан қазақстандық әскери ұшқыштың сүйегі табылғандығы туралы жазба жарияланып, оның сілтемесін Алматы қаласында тұратын жерлесіміз, журналист Жылбек Сенбекұлының жіберуі бой-



Майдангер жерлесіміз кім болды екен?

ынша 1945 жылы 4 наурызда Ресейдің Калининград облысы, Корнево елді мекеніне жақын маңдағы орманға атып түсірілген, яғни, Ил-2 шабуылдаушы ұшағы құлаған. Сол ұшақтан эки-

ұшағының бірінде осы екеуі болған.

Айта кетерлігі, ұшқыштардың кейбір жеке заттары бұған дейін, 1980 жылдардың басында-ақ табылған екен. Сол кезде іздеушілер

Ұлтты рухани жаңғыртатын таңдау



лары хақ. Бүгінде еліміздің түкпір-түкпіріндегі кітапханаларда, мектептер мен оқу орындарында аталмыш жоба аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Кітап көрмелері, әдеби оқулар, пікірталастар – барлығы бір мақсатқа қызмет етеді: кітаптың қоғамдағы орнын көтеру, рухани жаңғыруға жол ашу десек артық болмас. Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханасы да бұл бастамадан шет қалмай, «Таңдаулы 100 кітап» жобасын кеңінен насихаттап келеді. Кітапхана ұжымы оқырмандармен тығыз жұмыс жасап, кітап оқудың маңызын түсіндіруде. Әлеуметтік желілерде арнайы посттар жарияланып, оқырмандар пікір білдіруде, дауыс беруде белсенділік танытуда. Кітапқа берілген әр дауыс – болашақ ұрпақтың рухани байлығын арттыруға жасалған қадам. Кітап – тек оқу құралы ғана емес, ойлау мәдениеті, сана тазалығы, парасат өлшемі. Осыны терең ұғынған әрбір азамат «Таңдаулы 100 кітап» жобасына үн қосып, өзінің сүйікті шығармасын елмен бөліскені абзал. Бұл – руханиятты жаңғыртудың озық үлгісі. Бұл – ұлттың өзін-өзі тануының мәдени кілті десек артық болмас бәлкім... Бұл – тек бір науқан емес, бұл – ұлтты тәрбиелейтін тұғырлы жұмыс. Себебі кітапқа берілген әр дауыс – елдің рухани келешегіне қосылған үлес.

Кітап – жан азығы. Ол тек оқулық емес, ол – өмірлік жолбасшы. «Таңдаулы 100 кітап» жобасы арқылы біз өз руханиятымызды қайта түлетіп, жастарды әдебиетпен тәрбиелеуге мүмкіндік алып отырмыз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев былай деді: «Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу» – бұл сөздері арқылы Президент кітап оқуды ғылым, білім мен мәдениеттің негізі ретінде атап, қоғамдық сананы жаңғырту бағытын көрсете білді десек артық болмас... Сонымен қатар Тоқаев ұлттық деңгейдегі «100 таңдаулы кітап» сауалнамасын бастау арқылы отандық әдеби мұраны сақтауды, қазақстандық авторларды дәріптеуді және оқуға деген қызығушылықты арттыруды мақсат тұтқанын айтқан болатын. «Таңдаулы 100 кітап» – бұл жай жоба емес. Бұл – рухты көтеретін, ойды тербететін, жүрекке үміт сыйлайтын ұлы бастамалардың бірі ғана. Қазақ әдебиетіне ең үздік 100 кітап қана оқылмай, ұлт болашағына жақсы әсер беретін туындыларда жарық көретініне сеніміміз мол.

Ұлы Абай: «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге, деп айтып кеткен еді. Сол аманатты ардақтау-баршамыздың парызымыз. Сондықтан әрбір саналы азаматты осы игі істің жанашыры болуға шақырамыз. Кітап оқыңыз, дауыс беріңіз – руханиятқа үлес қосыңыз!»


Еркебұлан СЕРІКБАЙҰЛЫ,
Созақ аудандық орталықтандырылған
кітапханасының библиографы.



паж мүшелерімен бірге атқыш-мергені, гвардия сержанты Жолдас (Юлдаш) Жандаровтың сүйектері табылған. Бұл туралы Новый Калининград басылымы хабарлаған. Ұшақ 1945 жылғы 4 наурызда Шығыс Пруссия аспанында жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде құлаған. Оның экипажы пилот Павел Смирнов

арасында Қазақ КСР-інің тумасына тиесілі комсомол билеті мен қызыл әскер кітапшасын анықтады. Ал 2025 жылғы шілдеде ғана қаза тапқан батырлардың сүйектері толықтай жер астынан шығарылды.

Бұған дейін Ұлы Отан соғысының үш қаһарманының сүйегі арнайы әуе рейсімен Қазақстанға жеткі-



пен атқыш-радист Жолдас Жандаровтан (мақалада Юлдаш Жандаров деп көрсетілген) тұрған. Жолдас Жандаров 1923 жылы Түркістан (Шымкент) облысы, Созақ ауданы Шолақ-қорған ауылында дүниеге келген екен. Смирнов пен Жандаров 136-гвардиялық шабуылдаушы авиациялық полкінде қызмет еткен. Сол күні 17 кеңес ұшағының тобы 12 неміс жойғышымен шайқасқа түскен. Күші тең емес шайқаста екі кеңес

зілгені хабарланған болатын.

Бәлкім әлеуметтік желіде туыстары бар болар. Жақында іздестіру жұмыстары кезінде Жолдасқа да тиесілі заттар табылыпты. Бізде іздестіру жұмыстарын жалғастырып жатырмыз. «Жандаров. Ж» деген жауынгердің аты жөні Ұлы Отан соғысына Созақ ауданынан аттанған 6000 жауынгердің тізімінен табылып тұр.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ

Кино-қоғам өмірінің айнасы. Ұлттың ұстанымы мен ұлылығын кезінде әдебиет арқылы танып, таразыласақ, бүгінде ол қызмет ұлттық киноматография тіліне көше бастағандай. Өйткені жаһандану дәуірі жаппай визуализация жағында. Не нәрсені де көзбен көріп, түйсікпен түйсініп, жүреппен сезініп, көңілге тоқу-уақыт талабы.

Осы орайда кеңес одағы тұсында-ақ «Қазақфильм» киностудиясында Шәкен Айманов, Сұлтан Қожықов, Абдолла Қарсақбаев секілді көрнекті кинорежиссерлердің ізбасарлары саналатын, кейінгі толқында, есімі ерекше аталатын, білімді кинорежиссерлардың бірі де берегейі Созақтан шыққан саңлақ талант Сатыбалды Нарымбетов екенін еріксіз мойындауымыз керек.

Сатыбалды Нарымбетов 1946 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы «Ащысай» поселкесінде дүниеге келген. Бозбала шағында отбасымен көршілес Созақ ауданының орталығы Шолаққорғанға қоныс аударады. Ол осындағы орта мектепті бітірісімен, қазақ Мемлекеттік Университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. Алайда, бала күнінен өзінің кино өнеріне деген құмарлығы мен сүйіспеншілігінің арқасында ол, ақыры, өз қалауы бойынша Мәскеудегі Бүкілодақтық Мемлекеттік киноматография институтының (ВГИК) сценарлық факультетіне ауысады.

Талантты студенттің сол институт қабырғасында жүріп-ақ жазған «Шоқ пен Шер» атты сценарий бойынша режиссер Қанымбек Қасымбеков түсірген осы аттас көркем фильмі, отандық көрермендердің зор ықыласына бөленуімен қатар, көптеген халықаралық байқаулардың әртүрлі жоғарғы жүлделеріне ие болды.

Бұл фильмде жасөспірім балалар мен жас құлыншақ арасындағы шынайы достық пен махаббат көркем суреттеледі. Жас киногерлер өз туындыларында бейкүнә періште кейіпкерлері арқылы ұлттың жанын ашып, нағыз қазақы мінез бен рухты асқақтата отырып, көз алдыңызға жайып салады.

Сатыбалды Мәскеудегі оқуын бітіріп Алматыға оралған соң «Қазақфильм» киностудиясында еңбек ете жүріп, жазушылықпен де айналысты. Тынымсыз ізденіс пен еңбектің нәтижесінде жазушы бірнеше прозалық кітаптарын да оқырмандар назарына ұсынды. Осылайша ол Қазақстан киногерлер одағы мен жазушылар одағының мүшелігіне де қабылданды.

Алайда, өзі жазған сценарилерімен әдеби шығармалары негізінде режиссер ретінде өзі кино түсіруді көптен армандап жүрген Сәкең, сол арманына қол жеткізу үшін тағы да Мәскеуге, оқуға аттанды. Бұл жолы ол, сол кездегі одақ көлеміндегі ең мықты кинорежиссерлердің бірі Георгий Данелияның режиссерлік шеберханасында жоғары режиссерлік курсты да сәтті бітіріп, режиссер мамандығын алып шығады.

Ұлт тарихын терең қаузап, оны кино тіліне айналдыруда үздіксіз ізденісте жүріп еңбектенетін, сценарист әрі режиссер Сатыбалды Нарымбетов түсірген «Ләйлінің зары», «Мұстафа Шоқай», «Аманат» кинофильмдерін қалың көрермен қауым өте ризашылық сезіммен қабылдады. Рас, режиссер қиялына қанат бітірген бұл фильмдердің қай-қайсысы да ой елегімен саралағанда, тақырып тұрғысынан да, тапқырлық ауқымы жағынан да таза ұлттық негізді тірек еткендігіне ешкімнің дауы жоқ. Олай дейтініміз осы тарихи фильмдерді көріп отырып, кадрлар арасынан қазақи бет бейнемізді танып, қазақ ұлтының жүріп өткен қиямет тағдырын көз алдымызға елестету арқылы күрсінеміз, терең ойға батамыз. Осы ретте көрермендер өзіміздің барымыз бен жоғымызды, жеткеніміз бен жоғалтқанымызды

МАЙТАЛМАҢИ

(Эссе)

сараптаймыз.

Көрермендер қауымын осылайша терең ойландыратын сұңғыла режиссердың көркемдік көзқарасы мен шеберлігі, тұла бойы тұтас қазақ деп соққан жүрегінде, ұлтты тамырынан таныған көрегендігінде жатса керек.

Жазушы, сценарист әрі режиссер Сәкең түсірген «Омпа», «Созақтан шыққан Гамлет», «Ауылдан келген күйеу бала» атты фильмдерінің өз көрермендік сапасы жоғары, эстетикалық-тәрбиелік мәні зор, идеялық мазмұнға бай екендігін түрлі халықаралық додаларда топ жарып, жүлде алып жүргендігінен де байқауға болады. Бұл фильмдердің ескелең ұрпақты тәрбиелеудегі берер тәлімі де тағылымы да, маңызы да зор екенін көрермендердің өздері де пайымдағаны даусыз.

Белгілі кинорежиссер Сәкеңнің әріптес-замандасы, сырлас досы Сергей Азимов бір кездескен сәтіміздегі әңгіме арасында: «Кино тілі-ұлттық идеологияны жеткізуші басты құрал. Кино арқылы үлкен тәрбие жүргізіледі. Ойлы киноны көрген көрермен терең ойланады. Осы орайда, өз ұлтының тарихын, ұлттық әдебиетін терең білетін, сол негізде тыныстаған режиссер Сатыбалды Нарымбетовтің, дәстүрлі ұлттық киномыздың өрісін кеңейтіп, тарихи тұлғалар өміріне жаңашыл ғұмыр сыйлап келе жатқан батылдығын ерекше атап өткен орынды. «Аманат» фильмін түсіруді қолға алып, тынымсыз ізденіп, қинала еңбектеніп жүрген кезінде мен Сатыбалдыға, жақын досы, әріптесі ретінде, әрі оның соңғы жылдары денсаулығы сыр беріп жиі емделіп жүргендігін жақсы білетіндіктен шын жана-шырлықпен ескерту айттым: «Сәке, «Аманат» фильмі өте ауыр, тарихи фильм. Жүйкеңізге ауыр салмақ түсіру, денсаулығыңызға да мейілінше кері әсер етуі мүмкін-дегенімде ол: «Оу, досым-ау, мен өзім сүйіп қалаған мамандығым бойынша рахаттана жұмыс істеп жүрмін ғой. Кино-менің өмірім. «Аманат» фильмі маған ағалардан жүктелген аманат қой-деген еді.

«Дегенмен, қанша қиналса да, қаншама кедергілер болса да, дәрумендерін жан қалтасынан тастамай жүріп, кино түсірілімін сәтті аяқтады. Түсірілімі өте ауыр бұл фильмде 37-жылғы репрессия құрбандарының шырқыраған жан-айқайы, еңселері езілген тағдырлары сайрап жатыр. Бүгінгі таңда ұлтымызға осындай тағылымды тарихи фильмдер және дәл осындай жанкешті өнерді бағалап, астарын терең түсіне білетін сауатты көрермендер керек-ақ...

...Мен өзіміздің кезекті фильміміздің түсірілім алаңында жүргенімде Сатыбалдыдан шақырту билетін алдым. Ол «Мұстафа Шоқай» фильмінің премьерасына арнайы шақырған екен. Жерлесім әрі кино саласына журналистикадан ауысып келгенімде ақылшы, кеңесші болған әріптес ағамның қуанышына ортақтасып, қолын қысып құттықтау адамгершілік парызым екенін ұғындым.

Көрсетілім алдында жаңа фильм жайлы зал толы көрермендерге



және қаумалаған журналистердің қойған әр қилы сұрақтарына Сәкең жан-жақты жауап берді.

«Мұстафа Шоқай» мемлекеттік тапсырыс арқылы түсірілген фильм. Тарихи тұлғаның табиғатын түсінетін жігіт, ойы қазақы деп режиссерлердің арасынан таңдау маған түсіпті. Менде әуелі біраз қобалжу, қорқыныш болды. Бір жылдай толқып әрі жан-жақты ізденісте жүрдім. Мұстафа атамның екі томдығын бірнеше қайтара оқып шықтым. Онда өзінің мақалалары, жұбайы Марияның естеліктері мен күнделік жазбалары бар. Басқа да атамның жайлы жазылған материалдардың бәрін зерттедім.

Сценарийдің алғашқы нұсқасын көрнекті жазушы Әкім Тарази киноман етіп жасап берді. Одан соң Ермек Тұрсынов пен Сергей Бодыровты көмекке шақырдық. Олар киноманды илеп-илеп, сценарийдің жеті-сегіз нұсқасын жазып шықты. Киностудиядағы көркемдік кеңес сценарийді бірнеше қайтара талқыға салды. Ақырында экранға тұлға өмірінің ең тармыды-тартымды жерлерін алуға тырыстық. Киноны үш жылдай түсірдік. Осынша уақытқа созылуы маған емес, қаржыға байланысты болды. Үкімет бөлген қаржы бір-екі айға ғана жетеді де, таусылып қалады. Кезекті ақша бөлінуін бір жыл күтміз.

«Осылайша фильмді көптеген кедергілерге қарамастан, бөлінген аз қаражатпен сапалы әрі тартымды шығарғандай болдық. Олай дейтінім, тарихты аңсап жүрген көрермендер фильмінен рухани азық алады, танымайтын тұлғаны танысады, өздеріне беймәлім бір өмірмен қауышады деп ойлаймын.

Менің терең зерттеуімде ұққаным, Мұстафа Шоқай философиялық, теоретик адам. Мен сол кездегі адамдарды күрескер және жауынгер деп екіге бөлдім. Мұстафа көкеміз жауынгер емес, күрескер. Егер ол күрескер емес, жауынгер болғанда, осында елде қалар еді. 1937 жылы Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар секілді атылып кетер еді. Мұстафа амалсыздан шетелге кетті. Біраз архив құжаттарынан аңғарғанымыз, Мұстафаның кетуіне себепші болған Әлихан көкеміздің өзі көрінеді. Мұстафаның қаруы жазу болды. Сталиннің режиміне, кеңестік жүйеге қарсы шетелдік баспаларда отты, жалынды, өткір материалдар жа-

риялап тұрды.

Мұстафа атамның жұбайы Мария Горина (Шоқай)-ислам дінін қабылдаған әйел. Марияның роліне актриса табу да оңайға соқпады. Ұзақ іздегіру мен кастинг нәтижесінде көптеген үміткерлер арасынан бұл рольді сомдауға танымал әнші Карина Абдуллина бекітілді.

Мұстафа-көп зерттеуді қажет ететін Мұхит. Оның өмірі-бірнеше романның материалы. Мұстафа тұлғасын терең зерттеу барысында қалай түсінген болсаң фильмде солай бердік. Осындай асқақ тұлға туралы фильм түсіру бақыты. Қаншама режиссерлер арасынан маған бұйырғаны үшін де алпағаш шексіз ризамын.

Иә, шындығында Сәкеңнің өзі айттып өткендей, күрескер тұлға туралы дәл осындай керемет кино түсіру, оны сан түрлі құбылып, патша көңілді көрермендердің көңілінен шығатындай етіп экранға шығару, оңай шаруа емес. Қазақы ауылда ұлттық салт-дәстүрден сусындап өскен, қазақша ойлай алатын Сатыбалды секілді кәсіби режиссердің түсірген қайсібір фильмінде болмасын, міндетті түрде қазақы қолтаңба, ұлттық нақыш ерекше байқалып тұрады. Сондықтан да ол түсірген фильмдердің басым көпшілігі небір атышулы халықаралық фестивальдерде Қазақстан деген елдің ұлттық өнерін жан-жақты көрсете білген фильмдер.

Мәселен, айтар болсақ, таланатты режиссер Сатыбалды Нарымбетов «Көзімнің қарасы» фильмі үшін 1996 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері болды. Сондай-ақ, отандық меценаттар 2000 жылғы тәуелсіз «Платиналы тарлан», сыйлығының лауреаттығына бірауыздан Сатыбалдыны лайықты деп танығаны мәлім. Қазақстанды ғаламға кеңінен танытқан көрнекті кинорежиссер, халықаралық дәрежедегі небір айтулы ірі сыйлықтарды да қанжығасына байлады.

Жасы үлкенге інілік ізет көрсете білетін, жасы кішіге ағалық қамқорлығын аямайтын аяулы азамат Сәкең, 2021 жылы 75 жасында дүниеден өтті.

Соңында әке жолын жалғастырушы ұлдары әрі өзінің шәкірттері Асқар-Мұхит пен Ескендір қалды. Асқар-Мұхит кинорежиссер болса, Ескендір кинооператор. Екеуі де бірнеше кино түсіріп, көрермендерінің ықыласына бөленіп жүр.

...Алматыдағы «Тұран» университеті ректоратының шешімімен осы университет жанындағы «Тұран» фильм академиясы» Жоғарғы мектебінің үлкен кино залына қазақ киносының майталманы Нарымбетов Сатыбалды Жәлелұлының аты берілген. Онда шетелдік және отандық фильмдердің ең алғашқы көрсетілімдері көрсетіліп, сол фильмдерді белгілі киноснышлар, танымал киногерлер, студенттермен бірлесе отырып, талдап, тәжірибе сабағы ретінде талқылайды. Өйткені өнер-адамдарды шыңдайтын, ойландыратын, біріктіретін құралдың бірі. Соның ішінде кино өнері дегеніміз-адамдармен сырласудың ең тиімді тәсілі. Өнер-өмірдің өзі, ол өлімді білмейді. Олай дейтініміз, кино түсірудің хас шебері сценарист әрі режиссер Сатыбалды Нарымбетов түсірген, өмірдің өзінен ойып алынған шынайы фильмдері бүгінде әлемдік экранда шарлап жүр. Өнер биігі өмірге мәңгілік болып келеді дейтініміз де осыдан шығар...

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі.
Қазақстан Киногерлер
одағының мүшесі.

Ол жайлы қалам тартпақ болып оқталғалы қашан. Бірақ, неге екенін қайдам, әлденеге тартына бердім. Бәлкім, оның кірпияз, турашыл, талапшыл мінезі мен әдебиеттің жілігін шағып, майын ішкен кәсібилігінен де жасқанған шығармын...Таяуда ғана оның «Мұхтар Мағауиннің «Мені» туралы бірер сөз» атты әдеби зерттеуін «Абай кз» порталынан оқып қалдым. Бұған дейін де баспасөз беттерінде болсын, сайттарда болсын, жарияланған еңбектерін жібермей оқып, реті келсе, жеке пікірімді де білдіріп келген едім, оның тақырыбы да, өзі де тосындау көрінген жаңа мақаласын оқып шығып, ойланып та, таңданып та қалдым. Сәл ғана бұрын дәл осы жазушының ең көп сынға ілінген «Көк мұнар» атты романы жайлы зерттеу мақала жазған ол Мағауинге қайта оралып соғыпты. Басқа шығармалары емес, тағы да сыншылар аямай сынаған «Мен» атты ғұмырбаяндық роман-эссесіне тоқталыпты. Сын-

Тынымсыз ізденісі мен білімін үздіксіз жетілдірудің арқасында ұстаздарға берілетін ең жоғары санат-«Шебер педагог» атын иеленді. Мектепте сабақ бере жүріп-ақ «Орта мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі грамматикасының қысқаша курсы» атты қосымша оқулығы мен «Абайтанудың алғашқы дәрістері» атты ғылыми зерттеу еңбегін баспадан шығарып үлгерді. 2018 жылы «Қазақ энциклопедиясынан» жарық көрген «Әлихан Бөкейхан» тұлғалық экспедициясы авторларының бірі атанды. Сонымен қатар 2018-2022 жылдары Білім саласында жасалған сансыз реформаларға байланысты өз көзқарасын ашық білдіріген: «Сіз қателесесіз, министр мырза», «Жаңартылған оқу бағдарламасы» деген не?» т.б. көптеген мақалалары Республикалық басылымдарда және «Абай кз» порталында жарияланды.

«Қазақ хандығының алғашқы



грамотасымен, облыс және аудан әкімінің, облыстық және аудандық білім бөлімдерінің мақтау қағаздарымен шектелсе, әдебиет саласында Алаш ұстанымдары мен ұлттық құндылықтарды жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін «Ақ жол» демократиялық партиясының президенті әзірлеген «Қазақ Республикасының 100 жылдығы» құрметіне арналған төсбелгі мен арнайы «Сертификатын» иеленіпті.

Ұзақ жылғы ұстаздық қызметіміз де тек әріптес қана емес, өмірге деген ұстанымы, әдебиет пен өнерге деген көзқарасы бір досым, сырласым болып келе жатқан, тарихымызды түгендеуге тырысып, білім саласының жақсаруы үшін аянбай күресіп жүрген, ел-жер, тіл жанашыры, батыл ойлы, өткір тілді Нұрғалидың әдебиет зертеушісі ретінде де жақсы қасиеттері жетерлік деп білемін. Оның не жазса да, өзі түгіл өзгеге де қатаң талап қойып, жүрегін ауыртып, жанын жеп, уақытпен санаспастан жазатынына, бір шағын әңгімені зерттеп талдау үшін ғана көзінің майын тауысып ондаған әдебиеттерді ақтаратынына куә болып жүрмін. Кейде әдеби зерттеу мақалаларын оқып отырып, оның білімдарлығына, биік талғамы мен терең танымына таң қаламын, қызығамын, риза бола-

ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНЕ, тарих тереңіне бойлаған

шылардың аталмыш шығарма туралы: «Мағауин «Мен, мен, мен» деп көкірек керіп, айқайлаудан өзге ештеңе білмейді. Оның өзіншілдік «эгогсы» – 200... бәлкім, 500 пайыздан асады» деген аяусыз сындарына қарсы өзінің соны ой-пікірлерін білдіріп, шығарманы басқа қырынан танытыпты. «...Бұл жерде сыншылардың доғал найзасына көп іліккен, Мағауин жазған «Мен» есімдігіне үрке қарап, шошына берудің еш жөні жоқ. Автор бұл жерде өзі туралы мағлұмат беріп отыр. «Мен» – жазушының ғұмырбаяндық жаназабы. Онда автордың айналасы мен қоғамына деген өзіндік көзқарасы, өкпесі мен назасы, күйініші мен сүйініші, ұстаздарына деген шәкірттік алғысы, болашақта жазушы боламын деген жастарға берген ақыл-кеңесі, адамдардан көрген жақсылығы мен кесіп айтқан еді. Одан кейін де сол кездегі аудандық басылым «Молшылық үшін» газетінің бетінде Нұрғалидың мұндай терең ойлы тарихи-танымдық, зерттеу мақалалары жиі жарияланып тұрды.

Мектепте ұстаздық етіп жүрген кездің өзінде-ақ қос-қостан кітаптары шығып, көптеген мақалалары жарияланған Нұрғали 2023 жылы зейнеткерлік демалысқа шығып, әдеби-ғылыми, шығармашылықпен мықтап айналысып, бұрынғыдан да өндіріп жаза бастады. Оларды тізімдейтін болсақ, былай болып келеді:

Баспадан шыққан кітаптарына келсек, «Абайтанудың алғашқы дәрістері» 2015 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың филология факультеті, «Қазақ әдебиеті» кафедрасында қорғалып, жарыққа шықса, «Уақыт пен Талғам», 2023 жылы «Республикалық бюджет қаражаты есебінен әдебиеттің әлеуметтік маңызы турлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарыққа шықты. Одан беріде «Тама тарихы: Жабалдар», кітабы 2023 жылы жарық көрді.

Әдеби-ғылыми зерттеу мақалалары «Созақ-Қазақ хандығының алғашқы астанасы-Сығанақ», деген пікірді жиі қайталап жүр. Ал біздің ойымызша Қазақ хандығының алғашқы астанасы Сығанақ емес-Созақ. Созақ-Қазақ хандығының алғашқы тірек қаласы, астанасы деген тоқтамға бірауыздан келетін уақыт жетті!»-деп батыл, кесіп айтқан еді. Одан кейін де сол кездегі аудандық басылым «Молшылық үшін» газетінің бетінде Нұрғалидың мұндай терең ойлы тарихи-танымдық, зерттеу мақалалары жиі жарияланып тұрды.

Мектепте ұстаздық етіп жүрген кездің өзінде-ақ қос-қостан кітаптары шығып, көптеген мақалалары жарияланған Нұрғали 2023 жылы зейнеткерлік демалысқа шығып, әдеби-ғылыми, шығармашылықпен мықтап айналысып, бұрынғыдан да өндіріп жаза бастады. Оларды тізімдейтін болсақ, былай болып келеді:

Баспадан шыққан кітаптарына келсек, «Абайтанудың алғашқы дәрістері» 2015 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың филология факультеті, «Қазақ әдебиеті» кафедрасында қорғалып, жарыққа шықса, «Уақыт пен Талғам», 2023 жылы «Республикалық бюджет қаражаты есебінен әдебиеттің әлеуметтік маңызы турлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарыққа шықты. Одан беріде «Тама тарихы: Жабалдар», кітабы 2023 жылы жарық көрді.

Әдеби-ғылыми зерттеу мақалалары «Созақ-Қазақтың астанасы»,

2023 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде, «Ақын Артығали туралы», 2024 жылы «Жас Алаш» газетінде, «Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнары» хақында», 2024 жылы «Жұлдыз» журналында, «Мұхтар Мағауиннің «Мені» туралы бірер сөз», 2024 жылы «Абай кз» порталының «Әдебиет» бөлімінде жарияланды.

Бұлардан басқа хәкім Абай, «Алаш», оның көсемі Әлихан Бөкейхан, қара сөздің зергері-Тәкен Әлімқұлов шығармашылықтары жайлы және білім саласындағы кейбір өзекті мәселелерді қозғаған әдеби зерттеу, ғылыми танымдық, сын мақалалары «Жұлдыз», «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Жас Алаш», «Қазақ үні» басылымдарында сондай-ақ «Ұлт», «Абай кз» порталдарында жарияланды.

«Ұстаз шәкіртімен мақтанады» деген сөз бар. Бұл жағынан да Нұрғалидың «аты озып, асығы алшысынан түскен» ұстаз деп айтуға әбден болады. Басқа шәкірттерін айтпағанда, одан білім, тәрбие алып, кезінде мектептегі «Кіші ғылым академиясы» ғылыми жобалар жарысында республикада жүлделі орындарға ие болған шәкірттері бүгінде өзі секілді филолог мамандығын алып, еліміздің әр түпкірінде сан-салалы қызметтер атқаруда. Шәкірттерінің бірі Кенжеханова Нұрбақыт Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің профессоры, Құтжанова Әйгерім Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың докторанты, Әсем Өскен «Евразия» университетінің докторанты, Жылқыбаев Досхан 2024 жылғы Президенттің арнаулы әдеби сыйлығының иегері.

Әдетте, өз басым эссе жазғанда, ең алдымен кейіпкерімнің жетістіктеріне кеңінен тоқталып өтіп, сонан соң оның мақтау-марапаттарын да қалдырмастан тізіп шығатын едім. Алайда, ұзақ жыл ұстаздық қызметімен бірге әдебиет пен ғылымды да қатар алып келген Нұрғали әріптесімнің мақтау-марапаттарының қарасы маған аздау көрінді. Білім саласындағы марапаттары Қазақстан Республикасы Ғылым және Білім министрлігінің Құрмет

мын! Қалам тартар тақырыбын терең зерттеп қана қоймай, жан-жақты талдау жүргізіп, ара-арасында өзіндік ой-пікір, тұжырымдарын да қоса отырып, оқырманына көркем әрі шешен тілмен шебер жеткізе білетін Нұрғалидың кей кездері өзім оқып жүрген кейбір әдебиет зерттеушілері мен сыншылардан жоғары қоятынымды да жасырғым келмейді. Жан-жақты, шебер талдайтын сондай, оның зерттеу объектісі болған шығарманың мағына, мән-мазмұнына оқымай-ақ қаныққандай боласың немесе сол шығарманы тез арада тауып алып, оқуға құмарта бастайсың.

Кезінде қазақ хандығының алғашқы Астанасы-Созақ екенін нақты дәлелдермен кесіп айтып, танымал тарихшылармен таласа құнды мақалалар жазған Нұрғали біртіндеп өз мақсатына жақындап келе жатқаны анық. Оны соңғы кездері тарихшылар мен зерттеуші ғалымдарымыздың Қазақ хандығының алғашқы Астанасы ірге тепкен жер деп қарт Қаратаудың теріскейіндегі Созақ өңіріне көбірек тоқталып, тереңірек үңіліп жатқандарынан байқауға болады.

Ал, осы жылдың мамыр айында Созақ ауылында өткізілген «Қазыналы Созақ-ұлт руханиятының негізі» атты ғылыми практикалық конференцияда Нұрғали бауырымыз да тарихшы-ғалымдардың ортасынан табылып, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Сонау шәкірт кезінен-ақ әдебиет әлеміне, тарих тереңіне талмай бойлап келе жатқан әдебиет, тарих зерттеушісі, сыншы, ел-жер, тіл, білім жанашыры, бірнеше әдеби, ғылыми, әдістемелік кітаптардың авторы Нұрғали Махан дәл бүгін әбден толысқан, нағыз кемел шағында. Елге берері де көп. Елдің одан алары да көп.

Байділдә АЙДАРБЕК,
Ақын, драматург, жазушы,
«Ы.Алтынсарин» және «Мәдениет саласының үздігі»
төсбелгілерінің иегері,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

Бүгінгі жылдам өзгеріп жатқан заманда өткеннің өнегесін ұмыту—ұлттық бірліктің, мәдениеттің және рухани байлықтың жоғалуына әкелуі мүмкін. Өткен ғасырларымыз бен ата-бабаларымыздың өнегесі—біздің бүгінгі өмірімізге, болашағымызға негіз болатын құнды білім қазынасы.

Біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген қиын-қыстау кезеңдерде де, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар арқылы өздерін сақтап қалды.

Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық нақыштарымыз—біздің жеке тұлғамыздың қалыптасуында, әлеуметтік өзара қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады.

Өткеннен өнеге-бүгінге мүмкіндік

Ата-бабаларымыздың даналығы, адалдық, еңбекқорлық және өзара көмек көрсету сынды өнегелі қасиеттері — бүгінгі таңда да қоғамымызды біріктіріп, дамуына ықпал етуде.

Біздің болашағымызды айқындайтын ең маңызды құндылықтардың бірі—ата-бабаларымыздың өткеннен алынған өнеге мен даналық. Өткеннің тарихын, салт-дәстүрін, мәдени мұрасын білмей, болашақты дұрыс қалыптастыру мүмкін емес. Қазақ болмысының тарихын ұмытпау—ұрпаққа берілетін асыл мұра, болашаққа бастамалы қадам болып табылады.

Ата-бабаларымыздың өмір сүру жолы, күресі мен жетістіктері бүгінгі күннің өзекті мәселелерін шешуде үлкен үлгі береді. Қазақ халқының батырлығы, даналығы мен ұлттық ерекшеліктері—бұл болашаққа сеніммен қарауға, өз жолымызды табуға және бірлігімізді нығайтуға негіз болады. Егер біз тарихымызды білмесе, болашаққа нық сеніммен қадам басу қиынға соғады, өйткені өткеннен алынған өнеге—бүгінгі мүмкіндіктердің шыңына жетелейтін биік бағаның іргетасы.

Қазақ мәдени мұрасы ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Тіл, әдебиет, музыка, салт-дәстүр—осылардың барлығы біздің болмысымыздың ажырамас бөлігі. Мәдени мұраны білмей, ұлттық бірлігімізді сақтап қалу да, болашақты жарқын ету де мүмкін болмайды. Өткеннің өнегесі бізді ортақ құндылықтарға, ұлттық дәстүрлерге баули отырып, заманауи қиындықтармен күресуде күш береді.

Өткеннен өнеге алу дегеніміз тек қана өткенді еске алу емес, сонымен қатар, тарихтағы сабақтарды қазіргі заманның мәселелеріне қолдану. Әрбір тарихи оқиға, әрбір қиын кезең — бұл болашаққа нық қадам басуға мүмкіндік. Біз өткеннен үйренген даналықты, әділдік, еңбекқорлық, бірлік және өзара көмек сияқты қасиеттерді бүгінгі заман талаптарына сәйкестендіріп, ұрпаққа жеткізуіміз қажет.

Қазақ тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрін терең меңгеру әрбір азаматтың міндеті болуы тиіс. Білім беру жүйесінде ұлттық мұраны жоғары бағалап, оқушылар мен студенттерге тарих пен мәдениеттің маңыздылығын жеткізу—болашақ ұрпақтың саналы, патриоттық мінез қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тарихымызды білмей, болашаққа сенімді қадам басу мүмкін емес, өйткені өткеннен алынған өнеге—біздің болашаққа сеніммен қарауымыздың кепілі.

Қазақ болмысы тарихын білмеу—болашаққа бастар қадам болмайды. Өткеннің өнегесін бүгінгі мүмкіндіктерге айналдыру арқылы біз ұлттық бірлігімізді нығайтып, заманауи қоғамның талаптарына жауап бере аламыз. Тарихымызды біле отырып, біз өз болашағымызды жарқын, тұрақты және дамушы қоғам ретінде қалыптастыруға үлкен үлес қосамыз. Әрбір азамат өткеннің даналығын қабылдап, оны бүгінгі өмірге сіңірсе, ұрпақтарымызға бейбіт, өркендеген

ел қалдыра алатынымызға сенімдіміз.

Өткеннің даналығын бүгінгі қиындықтарға тиімді қолдану мақсатында:

-Мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық құндылықтар мен тарихты үйрету арқылы жас ұрпақты тәрбиелеу, олардың патриоттық сезімін ояту;

-Музейлер, мәдени орталықтар, әдеби және өнер фестивалдері өткеннің өнегесін жаңғыртуға, жастар мен ересектерді рухани байыту;

-Қоғамдағы әртүрлі топтар арасындағы диалогты дамыту, ортақ құндылықтарды насихаттау арқылы әлеуметтік тұрақтылық пен бейбітшілікті нығайту;

-Мемлекеттік деңгейде ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау және дамытуға бағытталған кешенді бағдарламалар қабылдау қажет. Мысалы, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында мәдени және тарихи құндылықтарды зерттеу, жинақтау және насихаттау;

-Қазақ тілінің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатында тіл саясаты жөніндегі бағдарламаларға өзгерістер енгізу қажет. Мемлекеттік және квазимемлекеттік органдарда қазақ тілін толыққанды қолдануды қамтамасыз ету;

-Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, сақтау және халықаралық деңгейде көрсету бойынша кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл бағытта ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді насихаттау, ұлттық спорт түрлерін дамыту және ұлттық мерекелерді кеңінен атап өту;

-Ұлттық мәдениет пен тарихты цифрландыру арқылы жастарға қолжетімді ету, онлайн платформалар арқылы білім беру және ақпарат тарату жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл бағытта арнайы веб-сайттар, мобильді қосымшалар және онлайн курстар әзірлеу;

-Ұлттық өнер мен әдебиетті қолдау, шығармашылық ұжымдарды дамыту және жаңа туындыларды насихаттау бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұл бағытта әдеби және өнер фестивалдерін ұйымдастыру, шығармашылық байқаулар өткізу;

-Ұлттық спорт түрлерін дамыту, жастарды спортқа тарту және ұлттық спорттық іс-шараларды ұйымдастыру қажет. Бұл бағытта ұлттық спорт мектептерін ашу, жарыстар өткізу және спорттық инфрақұрылымды дамыту;

-Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді халықаралық деңгейде таныту, шетелдерде мәдени іс-шаралар ұйымдастыру және шетелдік азаматтарды ұлттық құндылықтарымызбен таныстыру қажет. Бұл бағытта халықаралық фестивалдер, көрмелер және мәдени алмасулар ұйымдастыру;

-Ұлттық құндылықтарды насихаттау бойынша ақпараттық кампаниялар жүргізу, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді кеңінен таныту қажет. Бұл бағытта телеарналарда арнайы бағдарламалар, радиобағдарламалар және баспасөз мақалаларын жариялау.

Осы шараларды жүзеге асыру арқылы ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту, жастарды тәрбиелеу және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға ықпал етуге болады.

Бұл өнеге бүгінгі мүмкіндіктерге айналған кезде, әрбір азамат өз елінің дамуына үлес қосып, ұлттық бірлікті нығайтуда маңызды рөл атқара алады. Өткеннің өнегесін біліп, оны бүгінгі өмірге сіңіру—әрқайсымыздың парызымыз.

Г.БЕКЖАН,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Қазақ ойшылдарының дін туралы көзқарастары

Алтай мен Атыраудың арасын еркін жайлаған, ата-бабаларымыз қоршаған ортамен етене тығыз байланысып әрбір жаратылыс иесін өзінше пайымдап баға берген. Жаратылыс иелеріне қарап, ойла-нып, ой тастап, Жаратушының құдыреттілігін сезінген. Ғасырлар тоғысында қазақтың кең сахарасында қаншама ұлы адамдар өтіп, артына өшпес мұра қалдырды. Алла Тағаланы танып Ол туралы ақындар, жыршы-жыраулар өлеңдеріне арнау болып, шығармаларына арқау болған. Дін исламды жаюда, халыққа түсіндіруде Орта Азия қалаларының орны ерекше. Бертін келе мешіт, медресе қазақ даласының көптеген жерінде ашылып кеңес үкіметі орнаған заманға дейін қазақ балаларын білім нәрімен сусындатты. Алаш зиялыларының қайсы бірінің өмір жолын парақтар болсақ «ол алғаш сауатын ауыл молдасынан ашты», деген кішкене ғана жолды көзіміз шалғаны хақ. Тек дінді ғана оқытып қоймай, дүниелік білімді де қатар оқытып қазақтың қаракөз балалары заман көшінен қалмау үшін аянбай еңбек етіп, тер төкті. Ал діни оқыған білімі бір басқа. Бүгінгі айтпақ болғанымыз, қазақ даласында туып елі үшін еңбек еткен бүтін халықты жырларымен, өлең жолдарымен имандылыққа шақырған ұлы тұлғалар, алғашқы ұстаздар жайлы пікір білдірсек.

Ислам дінінің басты байлығы—иман. Мәзһабымыздың имамы Имам Ағзам Әбу Ханифаның пікірі бойынша: «Иман дегеніміз — тілмен айтып, жүрекпен бекіту. Жалғыз тілмен айту кәміл иман болып саналмайды». Яғни кәліма шаһаданы тілмен айтып шын жүрегіңмен растау. Қазақтың ағартушы ұстазы, алғашқы педагог Ы.Алтынсарин иман туралы: «Иманның екі мағынасы бар: бірі —тіл мағынасы. Тіл мағынасы дегеніміз — әркім тілмен айтып растамақ. Мәселен мұсылманшылығымызға бас куәлік—сөзіміз немесе араб тілінше шәһада (тун) — иманымыз «әшһаду ән лә иләһа иллалла уә әшһаду әннә Мухаммәдән аб-дуһу уә расулуһу» болса керек. Яғни «күәлік беремін: бір Алладан басқа құдай жоқ және күәлік беремін: Мұхаммед—оның құлы һәм елшісі» деп, шарият мағынасы расталғанда ол иманды көңілмен растамақ. Сол сияқты қазақ ақындарының алыбы Хәкім Абай атамызда он үшінші қара сөзінде: «Иман деген—Алла Таба-рака уа Тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әртүрлі бізге Пайғамбарымыз сал-лалаһу ғалайһи рәсәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ», деп жоғарыда айтылған имам Әбу Хани-фаның көзқарасын растайды. Демек бұл қазақтың ойшылдары да діннен алыс болмаған деген сөз.

Алла Тағала Құран Кәрімде көптеген аяттарда өзінің үстем иесі екенін, бастауы да соңы да жоқ, аса жарылқаушы әрі күшті екенін айтады. Құран Кәрімдебықылас сүресі: «(Оларға) айт: Ол Алла жалғыз. Алла—мұңсыз! Ол тумаған да туылмаған! Сондай-ақ, Оған тең келер ешкім жоқ!»

Тарих беттерін парақтар болсақ ислам діні Орта Азияға VII ғасырда келді. Сол уақыттарда өмір сүрген тек қазақ қана емес күллі түркі жұртының данышпаны болған Ж.Баласағұн «Құтты Білік» атты шығармасында Алла Тағала тура-лы былай жыр шумақтарын өрбітеді:

Жаралғанның бәрі мұңлы, мұңы көп,

Ием ғана, Жалғыз, шері, мұңы жоқ

Әй, Ерікті, Күшті, Мұңсыз Құдай-ым,

Бұл есімдер саған ғана лайықты. Ұлық Сен, серігі жоқ, Жалғызсың Жаратушым, жоқ Өзіңмен түсер тең!

Адамның ақыл ойы шектеулі. Белгілі бір деңгейге дейін ғана ойлап, ой қорытуға шамасы жетер. Бірақ барлығына емес. Себебі Құран Кәрімнің Хадид сүресі 3 аятында: «Ол Алла әуелгі әрі соңғы, Ол ашық (дәлелдермен білінеді), әрі ақыл жетпес құпия»,— деп Алла Тағаланы өзі сипаттаған сипаттарымен ғана тани алатындығымызды айтады. Хәкім Абай 38 —қара сөзінде: «Біз Алла Тағаланы Өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. За-ты түгіл, хикметіне ешбір хахим ақыл өрістіре алмады. Алла Тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі», деп Құран сөзін халқына жеткізді.

Алла Тағала барлық ұқсатулардан, кемшілік атаулыдан пәк. Ешбір жаратылыс иесі оған ұқсамақ емес. «Шуара» сүресі 11- аятта: «Оған ешнәрсе ұқсамайды. Ол Естуші, һәм Көруші»,— деп өзінің сипаттарын бізге жеткізеді. Имам Матуридидің ақидасы бойынша Алла Тағаланың сипаттарын зати және субути деп екіге бөліп қарастырады. Субути сипаттары хаят, ғылым, құдырет, ирада, сәмғ, бәсар, кәлам, тақуин. Бұл сипаттар қарапайым халық Жаратушыны тануда қателікке ұрынбауы үшін жасалынған арнайы бір жол болды дегенге саяды.

XX ғасырда өмір сүрген ұлы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлең жолдарында имам Матуридидің ақида-сын былайша жеткізеді:

Ол—Алла жисм, жауһар, ғариз емес,

Боларға басқа басқа бөлектен-бес.

Алланы еш нәрсеге ұқсатуға, Еш нәрсе Оған ұқсап жөні кел-мес.

Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес,

Мекенін бір Алланың ешкім білмес.

Сипаты сөгіз болған, бірі—кәләм, Сөйлейді құдіретімен Алла Тағалам

Сөйлеуі біздеі тілмен, жақпен емес,

Тіл, жаққа мұқтаж емес секілді адам

Алды-арты, асты-үсті, оң-солы жоқ,

Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ.

Еш нәрсеге ұқсамайды Ол, еш нәрсеге,

Кітаптың айтқанынан ойлама көп.

Қорытындылай келе айтпақ болғанымыз, еліміз тәуелсіздік алған тұста ел ішіне дәстүрді теріске шығарып, мансұқтаушы топтар пайда болды. Адамның алды жөн, арты соқпақ деген осы болар, тура жолды көрсеткен адамдардың өзін адастыға шығарып қазақтың рухани құндылығы болған ақын-жырау, ағартушылардың өзін шатасты деп жүргендері белгілі. Бірақ көзі ашық, көкірегі ояу болған әрбір адам бұл айтып жүргендерінің дұрыс емес екенін жоғарыда айтылған пайымдаулар мен салыстырулардан түсінеді деген ойдамыз.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

"Уранқуат" ЖШС Таукент филиалы көрсетілетін қызмет түрі бойынша тариф бағасын жариялайды

Негіздеме: ҚР Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің ««Уранқуат» ЖШС Таукент филиалының электр энергиясын беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту» туралы 14.07.2025 жылғы №30-НҚ санды бұйрығы.

№	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Тариф, теңге КҚС-сыз	Мерзімі
1	Электр энергиясын беру	теңге/кВт/сағат	6,32	01.08.2025 жылдан бастап

Сыбайлас жемқорлықпен күрес-баршамызға ортақ іс

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да-қылмыс екендігін қоғамдық санаға қалыптастыру қажет. Парақорлық мемлекеттің қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, халықтың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Қазақстан Республи-

касының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген. Сондай-ақ мемлекеттік кірістер басқармасының кіре берісінде арнайы «Сенім жәшігі» орнатылып, 4-12-94 сенім телефоны қойылған. Одан бөлек сы-

байлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу мақсатында өтетін семинар кеңестерді және жиналыстарды қорытындылағанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау шаралары туралы сабақтар өтіп тұрады. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес. Бәріміз бір кісідей өз ісімізге және айналадағыларымызға адал болып, қанағат пен парасат биігінен көріне білейік.

Ержан САБЫР,
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

Сенім телефоны

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған кірістер басқармасы қызметкерлері жайлы 4-12-94, 4-15-60 сенім телефондарына хабарласуға болады.

Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы.

Сыбайластыққа қарсы күш-ортақ іс

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, бүгінге дейін жойылмай отырған дерттің бірі.

Республика Президенті халыққа арнаған әрбір жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыхалтық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетіп келеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген.

Асыл ТҮРҒАНБАЙ,
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

Сексеуілді қорғайық!

Ауданымыздың табиғи байлығы-сексеуіл алқаптарын өрттен, сұғанақ қолдардан қорғап, күтіп-баптау орман шаруашылығы қызметкерлерінің басты жұмысы. Сексеуілді рұқсатсыз алып, отын ретінде пайдалануға болмайтынын тағы да ескертеміз.

Сексеуілді тамызық ретінде пайдалану үшін рұқсатсыз бұтап, сындырған азаматтар заң алдында жауап береді. Және де сексеуіл алқаптарын өрттен қорғау барлық аудан тұрғындарының парызы.

Жаз кезінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңызақ, соңы қаты желге айналады. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады.

Нартай МҰХАНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшының көмекшісі.

Өртке абай болайық!

Қазіргі уақытта шілденің шіліңгір күндері көптеген жеке азаматтар ұйымдасып тау баурайына сөйілге шығып серуен ұйымдастырады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт туғыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі-таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

Алмат МЕЙІРБЕКҰЛЫ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Елімізде әкімшілік әділет қызметі пайда болды. Бұл құрылым жеке адамдардың және кәсіпкерлердің құқығын тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Бүгінде сот істерінің жартысынан астамы азаматтар мен бизнестің

кеттік басқару жүйесінде пайда болған айтулы жаңашылдық.

Әкімшілік әділет сот жүйесінде жүргізілген тиімді реформаның бірі болып табылады және үш жылдан астам уақыт ішінде бұл

Әкімшілік әділет жеке адамдар мен кәсіпкерлер құқығын тиімді қорғауға мүмкіндік береді

пайдасына шешіліп жатыр. Бұл жақсы үрдіс. Түптеп келгенде, мұның бәрі экономиканы өркендетуге және еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға жол ашады.

Бәрімізге белгілі, 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі күшіне еніп, осы кезеңнен бастап жария-құқықтық қатынастарға қатысты дауларды қарайтын дербес мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар жұмысын бастады.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің мақсаты—жария-құқықтық қатынастардағы жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру болып табылады. Бұл-мемле-

бағытта жасалған жұмыстар өз нәтижесін беруде. Яғни, мемлекеттік билік тарапынан өз мүмкіндіктерін асыра пайдалану фактілері азайып, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру басымдылығы артты.

Бүгінгі таңда әкімшілік соттардың жұмысы әкімшілік рәсімдерді реттеуде және әкімшілік қатынастарға қатысушылардың құқықтарын қорғауда шешуші рөл атқарады деп сеніммен айта аламыз. Ал Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін қолданысқа енгізу заңдылықтың сақталуын, мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығы мен тиімділігін одан әрі қамтамасыз етуге, жеке адамдардың және кәсіпкерлердің құқығы мен мүдделерін барынша қорғауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік жауаптылықтың негіздері мен қағидаттары

Аудандық сотта жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар қатарына отбасы, тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер, ұсақ бұзақылық, қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, саябақтарды ластау оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер жатады.

Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын бұзуы, Жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, жүргізушінің жол жүрісі қағидаларын адамдардың денсаулығына зиян келтіруі, сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау да осы заңнама шеңберінде қаралады.

Жалпы жасаған әкімшілік құқық бұзушылығы үшін кінәлі деп танылып, айыппұл салынған тұлғалар, айыппұлды өз еркімен қау-

лы заңды күшіне енгеннен кейін отыз тәулік ішінде төлеуі керек. Егер салынған айыппұлды уақытында төлемесе, оларға ӘҚБТК-нің 669-бабымен қайта әкімшілік жаза қолданылатынын ескеру керек. Себебі, заңды күшіне енген сот актілері барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға жатады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама әкімшілік жауаптылықтың негіздері мен қағидаттарын белгілейді. Қандай іс-әрекеттердің әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатынын және оларды жасағаны үшін қолданылатын жаза түрлерін, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға қандай әкімшілік жаза қолданылуы, қай мемлекеттік органның лауазымды адамның және қандай тәртіппен қолданылуы мүмкін екенін айқындайды.

Заң талаптарын қалтықсыз сақтау әрбір азаматтың абыройлы міндеті екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Б.САҒЫНТАЕВ,
аудандық соттың судьясы.

«Молшылық үшін»

талантымды ұстаған ұстазым еді

Қазақ мерзімдік баспасының гүлдене бастаған уақыты ХХ ғасырдың бас кезіне тура келеді. Созақ ауданында алғашқы газет 1930 жылы 10 қазаннан бастап «Социалды шаруа» атауымен шыға бастады. Газет жұмыстарға бірігу көздерін, көмекселеу мен ашаршылық жылдарын, «Созақ көтерілісінен» кейінгі жағдайды, 2-дүниежүзілік соғыс алапатын, соғыс майданындағы әскерлеріміз бен тылдағы еңбеккерлердің ерліктерін тілге тиек етіп, болып жатқан саяси-қоғамдық өзгерістерден хабардар етіп отырды. 1956 жылы газеттің атауы «Социалистік шаруашылық» болып өзгерді, ал 1969 жылы мамырдан бастап «Молшылық үшін» деген атпен шыға бастады. 2007 жылдан «Теріскей», 2008 жылы газет екіге бөлініп «Молшылық» және «Теріскей» газеттері болып жарық көрді. 2012 жылы екі газет қосылып «Созақ үні» деген атау-фирмамен шығып келеді. Менің газетпен алғаш танысқан кезеңім 1971 жылдардың еңшісіне тиесілі. Марқұм әкем Айтымет мұғалім болғандықтан «Социалистік Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Молшылық үшін» т.б. басшыларға жазылып оқитын. Газеттердің ішінен ауданымыздың төл газеті үнемі назарымды тартып тұратын. Себебі ондағы мақалаларда ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ауыл тұрғындарының тыныс-тіршілігі жарытылатын. Тіптен кейбір кейіпкерлер таныс болып шығатын. Соларды жайлап оқып жүріп 7 сыныпқа қазақ тілін терең үйрене бастадым. Себебі мен Ә.Науайы атындағы мектептің өзбек сыныбында оқитынмын. Газетте басылған құрдастарымның мақалаларын оқып жүріп менде де жазуға деген талпыныс пайда болды. Содан 1972 жылдың қыркүйек айында Шолаққорғанға оқушылардың бір іс-шарасына баратын болдым да, газетке шағын мақала дайындап өзіммен ала кеттім. Ұмытпасам қазіргі АІБ тұрған ғимараттың маңайында редакция орналасқан екен. Редакция бөлмесіне имене кіріп, жалтақтап тұрғанымда бір жастау жігіт бұйым-тайымымды сұрады. Қолына мақаламды ұстаттым. Жарайды балақай, талапты бала екенсің, газетке басамыз,-деп, арқамнан қағып шығарып салды. Кейін сұрастырсам ол газеттің аға қызметкері Тоқан Әшірбеков екен. Ал, енді ауылға келіп мақаланың шығуын тағатсыздана күтейін. Ол кездері қоңыраулатып біле салатын қазіргідей байланыс құралдары да жоқ. Күніге поштаны аңдймын. Газеттердің ішінен «Молшы-



лық үшінді» алып, парақтаймын. Сонымен не керек, кезекті бір ақтару кезінде газеттің бір бұрышындағы «Оқушылар да жазылды» деген шағын мақала жарқ ете қалды. Астыңғы жағында редактор Ш.Серімбетов деген жазу тұр. Қуанғанымды көрсеніз. Бұл күн жүрегімде мәңгі сақталып қалды. Әкем ол кезде Қайнар мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді, Созақтан Қайнарға мотоциклде қатынап істейді. Әкемнің реакциясы қалай болар екен,- деп, мектептен келуін күттім. Қалыптасқан әдетімен кешкі тамағын ішіп бола салысымен жаңадан келген газеттерге бет бұрды. Мен үйдің бір бұрышында сабағымды оқып, көзімнің қиығымен қарап отырмын. Кезек «молшылыққа» келген кезде жүрегім дүрсілдеп қоя берді, кеудемді мақтаныш сезімі билеп барады. Газетті парақтап отырып бірден назары өзгерді. Жүзіне таңданыс пен қуаныш сезімі жайылды. Бірден байсалды қалыпқа өніп маған қарады да: «молшылыққа мынау мақаланы шынымен сен жаздың ба»-деп сұрады. Ия, дедім. Қызықшаның дұрыс қой балам, бірақ бір ауыз ақылдасып, маған көрсетпедің бе? Оның үстіне мен тіл-әдебиет маманы болсам,-деді. Мақтау-мадақ күтіп тұрған бала көңілім бірден су

сепкендей басылды. Осымен әңгіміміз тоқтады. Содан арадан апта өтіп ауылда Қайнарда оқитын бір құрдасымды көріп қалдым. Газетке шыққан мақалаға құтты болсын, әкең бізге көрсетіп: «мінеки сендермен жасты балам газетке мақала жазып жатыр, сендер болсаңдар тақтадағыны дұрыстап көшіре де алмайсыңдар»-деп бізді ұрысты деді. Сонда барып бойымды шынайы мақтанаш сезімі биледі. Себебі, әкем мені бөтіме мақтамағанымен сырттай менімен мақтанып жүр екен.. Мінеки, сол күннен бастап менде аудандық газетімізге, журналистикаға деген махаббат оянды. Сол махаббат 53 жылдан бері өзінің жалғасын тауып келеді. Осы аралықта қаншама редакторлар мен жаухатшылар алмасты. Бәрімен сыйласып жұмыс жасадық. Қасекеңнен (Қасымжан Өмірұлы) журналистиканың сырларын үйрендім. Аупарткомның аппаратында жұмыс жасаған жылдарым көп байланыста болдым. Ол кісінің бойындағы шынайы журналистке тән батылдылықты құрметтеймін. Сөзім дәлелді болуы үшін болған бір уақиғаны еске алайын. Тамыз айының соңы болатын. Ташкентте институтта маған сабақ берген ұстазым, сол институттың проректоры, жерлесіміз ауылға зиярат

жасап кеп қалды. Демалыс күнді пайдаланып, Созаққа барып бір күн қасында болдым. Менің аупартком аппаратына қызметке ауысқанымды естіп қуанып батасын беріп, тілегін білдірді. Арадан екі күн өтіп, ағайым Ташкентке қайтып бара жатып Қазығұрт ауданының тұсында жол апатына ұшырап қайтыс болды,- деген суық хабар келді. Қатты қайғырдым. Не істерімді білмей некрология жазып 4 қабаттағы Қасекеңе шықтым. Қасекең сол замандағы газеттің цензурашысы идеология бөлімінің қызметкеріне көрсетсе басқа республиканың азаматы екен, болмайды депті. Содан мені шақырып: «Кәмілжан жағдайыңды түсініп тұрмын, не көрсем де өзім көрермін, ертең газетке беріп жіберемін»-деді. Сөзінде тұрды. Соңғы 20 жылда газеттің штаттан тыс тілшісі ретінде көптеген мақалалар жаздым, шыңдалдым. Еңбегімнің нәтижесінде Қазақстан Журналистер одағына мүшелікке қабылдандым. Одақтың, редакцияның көптеген марапаттарына ие болдым. Журналистика- менің хоббиім! Журналистің шын сөзді, әділетті, адамгершілікті болуы оның бетпердесі деп есептеймін. Ал газетке келетін болсақ ол халықтың мұң-мұқтажын, жанайқайын, арыз-шағымын жарытып, сыни материалдарды жариялай алмаса мүлдем қадірі болмайды. Ешкім газет оқымайды. Осы уақытқа дейін сыни материалдар жоқтың қасы болды. Әрине бұл жерде газетті қаржыландыратын тараптың ықпалы өте күшті екенін білеміз. Баяғыда газетке бір сыни мақала жарияланып, аупарткомның бірінші хатшысы болып тұрған Т.Назарбеков партия-шаруашылық активінің жиынында журналистерге: «Басқа да нелерің бар, сендерге жазу үшін Келіншектау жетпей ме? Аржағынан бір, бер жағынан бір шығып соны жаза беріңдер»-деген екен. Сол айпақшы, Келіншектауды төңіреккей бермей емін-еркін серпілу керек деп ойлаймын.

Сөз соңында айтарым, биыл аудан халқының көзі, құлағы һәм тілі болып есептелетін аудандық басшылымға 95 жыл толып отыр. Сондықтан мені журналистикаға баулыған Созақ үні(Молшылық үшін) газетіне өзімнің ризашылығымды білдіре отырып, барлық журналистерді, тілшілер қауымын айтулы мерекемен құттықтаймын! Газетке еңбегі сіңген марқұмдарға Алла-дан рақымет болсын!

Камилжан РЫСМЕТОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.
«Созақ үні» газетінің штаттан тыс тілшісі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі:

"Созақ үні" газеті редакциясы"

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор:

Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішіш-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрман КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға піір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіреліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3300 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев